

# ҚҰЖАТ МӘТІНІНІҢ ЛИНГВОКОММУНИКАТИВТІК ҚЫЗМЕТІ



**Кенжетай Күркебаев,**  
Әл-Фараби атындағы  
ҚазҰУ доценті,  
филология ғылымдарының  
кандидаты

**Қ**азіргі таңда тілдік қарым-қатынастың қай түрі болмасын мәтін арқылы жүзеге асатыны белгілі. Мәтін – тіл жүйесіндегі өзінің мәні мен болмысына сай, сөйлемдердің жай ғана тізбегі емес, мағыналық-құрылымдық тұрғыдан жүйеленген ауызша және жазбаша тұлғада көрініс табатын күрделі де кешенді лингвистикалық бірлік. Ол – логикалық, грамматикалық, мағыналық байланыстарға негізделген, тиянақты мазмұнға ие біртұтас тілдік қарым-қатынас бірлігі. Сондықтан мәтіннің құрылысына, оның түрлі қыртыс-қабаттарына үңіліп, мәнді де сипатты ерекшеліктерін ашу, белгілі кеңістік пен уақыт шеңберінде өмір сүру заңдылықтарын айқындау, сөйтіп мәтіннің ішкі бірлігінің сыр-сипатын түстеп-түгендеу бүгінгі мәтін лингвистикасы ілімінің басты міндетіне айналып отыр. Осыған орай құжаттардың мазмұны, қатынас құралы ретінде қолданылу аясы, қолданылу жағдайы, бағыты, өрісі әр түрлі болғандықтан, мәтін құрамындағы тілдік бірліктердің тіркесу, байланыс сипаттары да түрліше болатындығы белгілі.

**Құжат мәтіні** – құжаттың негізгі коммуникативтік бөлігі болып табылады. Ол құжаттық коммуникация шарттарындағы функционалды-нормативтік жағдайларға байланысты туындайды.

Құжат мәтіні коммуникативтік қатынасты біріздендіруші және стандарттаушы ережелерге сәйкес келетін функционалды, мазмұндық, құрылымдық және нормативтік тұрғыдан аяқталған сөйлеу бірлігі болып табылады.

Құжат мәтіні тұтас құрылым болғандықтан ондағы ақпарат мазмұны нақты, анық та айқын және қысқа да тұжырымды түрде болуы тиіс. Ресми қарым-қатынастағы ақпаратты тасымалдаушы және сақтаушы құжат мәтінінің тілдік және стильдік ерекшеліктерінде қалыптасқан жүйелілік сақталады.

Мәселен, құжат мәтініндегі сөздер мен сөз тіркестері, стандарттық тілдік бірліктер мен клишелер, номенклатуралық атаулар мен терминдер жүйесі өзінің нақты тура және номинативті мағынасында жұмсалады. Сонымен қатар бірнеше варианттағы терминдердің мүмкіндігінше Мемлекеттік терминология комиссиясы тарапынан бекітілген немесе ресми тілде стандартталған, сондай-ақ жазба тілде қолданылу жиілігі нормалық қалыпқа түсіп кодификацияланған нұсқалары пайдаланылады. Құжат мәтінінде кодификацияланған емле ережелері мен пунктуация заңдылықтары да жүйелілігін сақтауы тиіс.

Қазіргі әдеби тілдің көнерген сөздер, сирек қолданыстағы сөздер, бір-қолданыстағы сөздер болып саналатын лексикалық элементтер, сондай-ақ бейнелі, образды фразеологизмдер, қарапайым лексикаға тән ауыз екі сөйлеу элементтері қатаң шектеледі. Ресми құжат мәтінінің ақпараттығы мен лингвистикалық мазмұны екіұдайылық тудырмас үшін көркемсөз стилінің, ауызекі сөйлеу тілінің тілдік-стильдік элементтері араластырылмауы қажет.

Құжат мәтіндері формасы жағынан да, мазмұны жағынан да еркін үлгіде келе бермейді. Яғни құжатпен жұмыс барысында құжат жүргізу технологиясы, құжаттану ережелерімен қатар құжаттың лингвистикасының аса қажеттілігі мәтінді тұтас құраушы бөлік екені айқын көрінеді.

Құжат мәтіндері көбіне жазбаша формада қолданылады, дей тұрғанмен оның ауызша үлгісі жоқ дегенді айтпақ емеспіз. Бірақ құжат мәтіндерінің ауызша формасымен жұмыс коммуникативтік мақсатта елеулі рөлге ие болады. Жазбаша құжат мәтіндерінің функционалды бір текті еместігіне, көлемі, мазмұны, қолданысына қарамастан өзіне тән, құжаттық мәнге ие емес мәтіндерден айырмашылығын атап көрсетуге болады.

Құжат мәтіндерінің композициялық құрылымының тұрақтылығы. Құжаттың кез келген түрі өзіндік композициялық тұрақтылыққа, тиянақтылыққа ие. Яғни берілген құжаттың мәтіні сол құжаттың түріне сай құрылыммен жасалады. Көбіне бұл қасиет тұрақты мәтін рубрикацияларында (хаттама, келісімшарт мәтіндерінде) кездеседі.

Рубрикациялар мәтіндегі таңбалардың пайда болу ескертпелері арқылы көрініп тұрады, сонымен бірге кей мәтіндерде көпдеңгейлі таңбалау да қолданылады. Құжаттар композициялық жағынан сыртқы формасымен еркін түрде жазылады. Ал ішкі құрылым сызбасы таңбалауға сай сақталып өзіндік құрылымдық жүйесін қалыптастырады.

Құжат мәтіндерінде тұрақты типологиялық синтаксистік сипаттаудың жүзеге асуы. Көптеген жарияланымдарда сөз етіліп жүрген құжат мәтіні синтаксисінің тұрақтылығы бүкіл құжат мәтіндеріне тән әмбебап синтаксистік қасиеттер деп кесіп айту күмән тудырады. Құжат мәтіндерінде ыңғайлас, себеп-салдарлы байланыс түрлерінің жиі қолданылатындығы белгілі. Дегенмен құжат мәтіндерінің синтаксистік құрылымы әралуан. Құжат мәтіндеріне сараптама жасай келе, олардың құрамы тек жалаң не жайылма, жай не құрмалас сөйлем болуы тиіс деген екі ұшты пікірлер қарама-қайшылыққа әкеледі. Сонымен қатар әр түрлі құжат түрлеріне жататын мәтіндердің синтаксисінің әр тектілігін көрсетеді.

Құжат мәтіндерінің принципті қасиетінің бірі атауланған, яғни терминдердің орынды пайдаланылуы. Көбіне терминдер жүйесін ғылыми-техникалық мәтіндермен байланыстырады, алайда зерттеулерге сүйенсек үлкен көлемді құжат мәтіндерінің топтарында терминдер міндетті лексика-фразеологиялық құраушы бөлік ретінде қызмет атқарады. Терминдердің ұдайы қолданысы қабылдау үшін де, құжат мәтіндерін құрау үшін де ерекше жағдай туғызады.

Терминдік, фразеологиялық тұрақты бірліктермен қатар құжат мәтінде-рін саралаушы қасиетке ие клише және сөйлеу формулалары.

Құжат мәтіндерінің басты қасиеттеріне түрлі лингвистикалық факторлардың әсерінен пайда болатын ортақ заңдылықтар қатарын жатқызуға болады. Құжат мәтіннің қасиетін, ондағы заңдылықтарын тек мәтін мәніне қарап тізіп шығу қателік, өйткені әр түрлі формада көрінетін қасиеттер саны артуы мүмкін.

Құжат мәтіннің тілдік және стилистикалық қолданысы мына жағдайлармен байланысты: мәтін көлемінің барынша *жинақы* болуы; мәтінге тән жүйелі, тұрақты құжат сипаттарының *нақтылық* және *атаулық* қасиеттерінің сақталуы; *үннің бейтараптығының* сақталауы, яғни пайдаланылатын құралдардың дұрыс таңдалуы, бірақ бұл образдылық пен эмоционалдылықпен беріліп құжаттың берілу мақсатына нұқсан тигізбеуі; күнтізбелік-хронологиялық құжаттардың жүргізілуінде маңызды қасиеттердің бірі *актуалдылығы*; құжат мәтіннің тұрақталған белгісінің бірі берілетін ақпараттың *деректілігі, растығы*.

Қазіргі таңда құжат параметрлеріне жүргізілген зерттеулерге сай құжат мәтіндеріне тән тағы бірнеше белгі-қасиеттерді атап өтуге болады, олар: айғақтылық, объективтілік, материалдардың бейтарап түрде мазмұндалуы, мәтінде констатациялаушы белгінің болуы. Сөзсіз бұл белгі – қасиеттер әр түрлі деңгейдегі құжат мәтіндерінде орын алады, бірақ өзіндік мазмұнды беруде және құжат мәтіндерінде жүзеге асудағы формасы жағынан тұжырымды ақпаратты дұрыс берудің құралы екенін нақтылауды қажет етеді.

Іскери құжаттар мәтіннің тілдік ерекшеліктерін қарастыру құжат лингвистикасының тағы бір мақсаттарының бірі. Қатынастың келесі құралдары арқылы бұл мақсат айқын көрінеді.

Біріншіден, құжат мәтіндерінде қолданылатын тілдік құралдардың түрлілігіне белгілі бір қалыпқа салу параметрінің минимум пайдаланылуының әсері. Екіншіден, әр түрлі құжаттардың кең қолданысы: мемлекеттік органдардың құжаттарынан бастап, азаматтардың басқару органдарына жазған арыз-шағымдары жатады. Лингвистикалық тұрғыдан қарағанда, іскери қатынас мәтіндері құжат мәтіндерінің функционалды түр топтарына қарағанда әлдеқайда терең зерттелгені белгілі. Құжаттардың композициялық құрылымы міндетті реквизиттерге сай мәтін фрагменттерінің құрамы мен орналасуымен көрінеді. Сондай-ақ құжаттардың мазмұндық-типологиялық ерекшеліктері жай немесе күрделі мәтіндердің де композициялық параметрлеріне әсер етеді. Мәтіндердің жай не күрделі екендігі өз ішінен микро-мәтіндер құрайтын құрылымдық жағынан дербес, мазмұны жағынан мәтін құраудағы уәждемемен көрінетін құжаттағы таңбаланған не таңбаланбаған мәтін фрагменттерінің санынан бір көрініс табады.

Мәтіндердің лексика-фразеологиялық құрамы айтарлықтай үлкен өзгеріске ұшырамайды, себебі мәтіндегі сөздердің объективтілігі, дұрыстығы, түсіндірудің анықтылығы сынды қойылған талаптарға қарамастан онда эмоционалды-бейнелі бояу, көпмағыналылық, интерпретация, өзіндік тұжырым бірліктері қолданылады. Мамандардың пайымдауынша, құжат мәтіндерінде түрлі клишелердің, аббревиатуралардың, көбіне мекеме, ұйым атаулары мен өлшеу бірліктерінің әр түрлі қолданылуы орынды.

Жалпы алғанда, мәтін мынадай жүйеде көрінеді: кіріспе фрагменті, негізгі бөлім, қорытынды. Құттықтау, алғыс білдіру, жарнама сынды құжаттардың лингвистикасында еркін мәтіннің жоғары көрсеткіші танылатыны ерекше назар аудартады. Мәтіндерді кейіптеу тек дербестендірумен ғана байланысты емес, сондай-ақ үлгі-формулаға ие қаратпалармен де байланысты.

Мәселен, *Құрметті ханымдар мен мырзалар!; Құрметті ректор мырза!; Құрметті Аян Ғалымжанұлы! т.б.*

Құжат мәтіні хабарлаушы ақпаратына сай құрылымдық-логикалық ерекшеліктері жағынан тарауларға бөлінеді. Құжат мәтіндерінде этикетті тіркестерге ие тұрақты конструкциялар жиі қолданылады. Құжат мәтіндерін классификацияға енгізу мүмкіндіктері аналогтық мәтін, типтік мәтін, трафареттік үлгілердің пайда болуына әкеледі, бұлар өз ретінде құжат мәтіндерін унификациялау үшін үлкен септігін тигізе алады. М.В.Колтунованың ойынша, трафареттік мәтін саны унификация процесінің даму кезінде қысқарады. Дегенмен бірнеше құжат мәтіндерінің түрлерін бөліп алу функционалды өзгешелікпен ғана емес, сондай-ақ құрылымдарда, лексикада, мәтіндердің синтаксистік ерекшеліктеріндегі түрлілігімен де негізделген. Параметрлердің анализі және мәтіндердің түрлі топтарын құраудағы дағдыны иелену дәлелді практикалық мақсат болып табылады.

Лингвистикалық қасиеттеріне қарай мәтін құжаттары қолданысы формальды-ұйымдастырушылық ықпалдардың әсерінен кеңейетін жазбахаттардың мәтінімен жақын. Мәселен, ақпарат берудің жазбаша формаларын қолдану үшін ISO стандарттарын енгізу, коммуникативтік үдерістерді интернационалдандыру (Еуропада және Солтүстік Америка мемлекеттерінде жазбахаттар жиі қолданылатын коммуникативтік құрал болып келеді). Құжат мәтіндерінің бұл екі түрінің лингвистикалық жақындығы стилистикалық деңгейде, лексика-фразеологиялық ауқымдағы құралдардың қолданылатын бірліктердің, оның ішіндегі эмоционалды-бағалау бояуы қасиеттері кеңеюінен көрінеді.

Түйіндей айтқанда құжат мәтіні ресми ақпараттық, кешенді лингвистикалық, нормативтік-құқықтық, мұрағаттық, антропоэзектік, әлеуметтік-экономикалық қасиеттерді қамтитын күрделі коммуникативтік бірлік.